

БАЛАЛАР ВИРУС ЖАЙЛЫ ҚАНДАЙ СҰРАҚТАР ҚОЮЫ МҮМКІН?



United Nations
Educational, Scientific and
Cultural Organization



UNESCO Institute
for Information Technologies
in Education




БАЛАЛАР ВИРУС ЖАЙЛЫ ҚАНДАЙ СҰРАҚТАР ҚОЮЫ МҮМКІН?

Коронавирус деген не?

Вирустар – адам ағзасына түскен кезде нашар сезіндіруі мүмкін кішігірім бөліктер. Оларды микроскоппен ғана көруге болады.

Әлемде вирустар өте көп және жаңа коронавирус – солардың бірі. Оны ғалымдар не себепті көп адамдар ауыра бастағанын түсінуге тырысқан кезде тапты



United Nations
Educational, Scientific and
Cultural Organization



UNESCO Institute
for Information Technologies
in Education



БАЛАЛАР ВИРУС ЖАЙЛЫ ҚАНДАЙ СҰРАҚТАР ҚОЮЫ МҮМКІН?

Неге ол туралы бәрі айтып жатыр және одан қорқады?

Ол бүкіл әлем бойынша өте тез таралып жатыр, вирус жаңа болып табылады және оған қарсы әлі дәрі немесе вакцина ойлап табылған жоқ



United Nations
Educational, Scientific and
Cultural Organization



UNESCO Institute
for Information Technologies
in Education



БАЛАЛАР ВИРУС ЖАЙЛЫ ҚАНДАЙ СҰРАҚТАР ҚОЮЫ МҮМКІН?

Ол неге сондай жұқпалы?

Адам түшкіргенде немесе жөтелгенде, одан вирустың бөліктері бар кішкентай тамшылар тарайды

Осы тамшылар тиген заттарды ұстау, содан кейін өз көзін, мұрнын немесе аузын сүрту – сау адам ауырып қалу үшін жеткілікті

Бір күнде біз көптеген заттарды ұстаймыз, сондықтан таза емес қолдарыңызбен бетіңізді ұстамау және қолды жиі жақсылап жуу маңызды



United Nations
Educational, Scientific and
Cultural Organization



UNESCO Institute
for Information Technologies
in Education



БАЛАЛАР ВИРУС ЖАЙЛЫ ҚАНДАЙ СҰРАҚТАР ҚОЮЫ МҮМКІН?

Аурудың алдын қалай аламын?

- Кемінде 20 секунд сабынмен қолыңызды жууды ұмытпаңыз – тамақ алдында, дәретханаға барғаннан кейін, сырттан келгенде, үй жануарыңызбен ойнағаннан кейін
- шынтақты бүгіп жөтелу немесе одан да жақсысы, бір реттік қағаз орамалға жөтелу керек, оны қолданғаннан кейін бірден тастау керек
- көз, мұрын және ауызға қолдарыңызбен тиіспеуге тырысыңыз
- түшкіруші және жөтелуші адамдардан кемінде 1 метр қашықтықта тұру қажет
- уақытша достарыңызбен серуенге немесе киноға бармауға тырысыңыз және мүмкіндігінше үйде қалыңыз



United Nations
Educational, Scientific and
Cultural Organization

UNESCO Institute
for Information Technologies
in Education

БАЛАЛАР ВИРУС ЖАЙЛЫ ҚАНДАЙ СҰРАҚТАР ҚОЮЫ МҮМКІН?

Ауырып қалғанымды қалай түсінемін?

Кейбір адамдарда жоғары температура мен жөтел пайда болады, кейбірі өзін аздап ауырып тұрғанын және шаршаған сезінеді, ал кейбіреулерінде қатты жөтел пайда болады, оның салдарынан тыныс алу қиын болады. Балалар үшін вирус әдетте тез әрі жеңіл өтеді, бірақ егер сіз өзіңізді нашар сезінсеңіз, міндетті түрде бұл туралы ата-анаңызға айтыңыз!



United Nations
Educational, Scientific and
Cultural Organization

UNESCO Institute
for Information Technologies
in Education



БАЛАЛАР ВИРУС ЖАЙЛЫ ҚАНДАЙ СҰРАҚТАР ҚОЮЫ МҮМКІН?

Адамдар не үшін маска киіп жүр?

Мен де киюім керек пе?

Масканы адам бар жерлерде, мысалы, метрода немесе дүкенде болған кезде ауырып қалған адамдарға кию керек. Масканы вирустың бөлігінің түшкіру немесе жөтелу кезінде басқа адамдарға ауамен таралмауы үшін киеді. Сонымен қоса, ауру адаммен ұзақ уақыт бойы бір бөлмеде жақын жерде болған кезде оларды пайдаланады – мысалы, олар ауруханада осындай науқастарды күтетін дәрігерлер мен науқастың туыстарына қажет. Сізге маска кию міндетті емес – қолды мұқият жуу, бетіңізді ұстамау және дұрыс түшкіру/жөтелу маңызды



United Nations
Educational, Scientific and
Cultural Organization

UNESCO Institute
for Information Technologies
in Education

 **UNAIDS**


БАЛАЛАР ВИРУС ЖАЙЛЫ ҚАНДАЙ СҰРАҚТАР ҚОЮЫ МҮМКІН?

Коронавирустан адам өлімі болады ма?

Ауырып қалғандардың көпшілігі сауыға алады. Бірақ ауруды көтере алмайтын ауыр науқастар бар – бұл қарт адамдар және иммунитет проблемалары бар адамдар.

Ауруханада емдеуді дер кезінде бастамаса, олардың денсаулығына қауіп төнуі мүмкін.

Дәрігерлер ауруға шалдыққан науқастарға жазылуға көмектесу үшін және вирус одан әрі таралмауы үшін барлық мүмкіндіктерді жасап жатқанын есіңде сақта



United Nations
Educational, Scientific and
Cultural Organization



UNESCO Institute
for Information Technologies
in Education



БАЛАЛАР ВИРУС ЖАЙЛЫ ҚАНДАЙ СҰРАҚТАР ҚОЮЫ МҮМКІН?

Бұл ата-әжелерімнің өміріне қауіп төніп тұр деген сөз бе?

Жоқ, егер біз барлық сақтық шараларын жауапкершілікпен ұстанып отырған жағдайда қауіпсіз. Қарт адамдар шын мәнінде коронавируспен басқалармен салыстырғанда қатты ауыруы мүмкін, және олардың денсаулығының басқа проблемаларына байланысты жазылуы күрделірек болуы мүмкін. Мүмкін, біраз уақыт бізге ата-әжелерімізге бармауға тура келеді. Оларға және барлығымызға мүмкіндігінше үйде қалу – олар ауырып қалмау үшін дұрыс, сонымен қатар қолды жиі жуу маңызды!



United Nations
Educational, Scientific and
Cultural Organization



UNESCO Institute
for Information Technologies
in Education



БАЛАЛАР ВИРУС ЖАЙЛЫ ҚАНДАЙ СҰРАҚТАР ҚОЮЫ МҮМКІН?

Мен үйден енді ешқашан шықпаймын ба?

Уайымдама, бұл уақытша. Оқу жалғасуда, тек үйден. Мектептер жабылып жатыр, ал көптеген адамдарды қашықтан жұмыс істеуді сұрап жатыр және вирустың тез таралуын тоқтату үшін бірнеше апта бойы далаға артық шықпауды сұрайды

Бұл дәрігерлерге
коронавируспен
ауырған адамдарды
емдеп үлгеруге және
басқа да ауруларға
көмектесуге септігін
тигізеді



United Nations
Educational, Scientific and
Cultural Organization



UNESCO Institute
for Information Technologies
in Education

